

# Қазақстан Республикасындағы ішкі сауда туралы

Шығарылған күні: 13.03.2023

## 1. Негізгі тұстары;

1.1 Бөлшек сауда;

1.2 Көтерме сауда;

1.3 Тауар биржалары;

1.4 Сауда базарлары;

## 2. Динамика: ішкі сауданың негізгі көрсеткіштері;

## 3. Глоссарий;

## 4. Әдіснамалық түсіндірмелер;


## 5. Басылымдарға қатысты сілтемелер;

## 6. Пайдалы сілтемелер.


### 1. Негізгі тұстары

- "Сауда" саласы бойынша НКИ 2023 жылғы қаңтар-ақпанда өткен жылдың тиісті кезеңіне 111,5% құрады (2022 жылғы қаңтар-ақпанда – 106,1%).
- 2023 жылғы қаңтар-ақпанда көтерме сауда көлемінің НКИ 110,8% құрады (2022 жылғы қаңтар-ақпанда – 112,8%). Бөлшек сауда көлемінің НКИ 112,9% құрады (2022 жылғы қаңтар-ақпанда – 92,5%).
- Саланың жалпы көлеміндегі елеулі үлес көтерме саудаға тиесілі, оның үлес салмағы 70% құрайды, бөлшек сауданың үлес салмағы 29,7% құрайды.

**Сурет 1. Сауда саласы бойынша нақты көлем индексі, өткен жылдың тиісті кезеңіне % - бен**




**Сурет 2. Бөлшек және көтерме сауданың нақты көлемінің индексі, өткен жылдың тиісті айына % - бен**



Көтерме сауда көлемі 2023 жылғы қаңтар-ақпанда 5157,1 млрд. теңгені немесе 2022 жылғы тиісті кезең деңгейіне 110,8% құрады. Көтерме тауар айналымының құрылымында азық-түлік емес тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер басым (81,5%).

Республиканың көтерме саудасының жалпы көлеміндегі ең үлкен үлес салмағы 2023 жылғы қаңтарда Алматы қаласына (42,7%), Атырау облысына (16,7%), Астана қаласына (14,9%), Қарағанды облысына (5,0%) тиесілі.

**Жалпы көтерме сауда көлеміндегі облыстардың үлесі, %**



2023 жылғы қаңтар-ақпандағы бөлшек сауда көлемі 2208,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2022 жылғы тиісті кезең деңгейінен 12,9% - ға артық. Сауда кәсіпорындарының тауарларды бөлшек саудада өткізуі 17,6%-ға ұлғайды, дара

кәсіпкерлердің, оның ішінде базарларда сауда жасаушылардың, 2022 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 0,7% - ға ұлғайды.


Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тауарларды бөлшек саудада өткізуінен 1936,8 млрд.теңге (бөлшек сауданың жалпы көлемінің 87,8%), шетелдік меншік нысанынан 269,0 млрд. теңге (12,2%) сомасында айналым алынды.

2023 жылғы 1 наурызға жағдай бойынша бөлшек саудадағы сауда кәсіпорындарының (есеп берген кәсіпорындар бойынша) тауар қорларының көлемі 1460,5 млрд.теңгені, сауда күндерінде – 76 күнді құрады.

Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі азық – түлік тауарларының үлесі 27,6%, азық-түлік емес тауарлардың үлесі – 72,4% құрайды. Азық-түлік тауарларын өткізу көлемі 2022 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 5,5% - ға азайды, азық-түлік емес тауарларды өткізу көлемі 22,5% - ға ұлғайды.

2023 жылғы қаңтарда республиканың бөлшек саудасының жалпы көлеміндегі ең үлкен үлес салмағы Алматы қаласына (30,5%), Астана қаласына (12,3%), Қарағанды (8,8%) және Шығыс Қазақстан (6,2%) облыстарына тиесілі.

Жалпы бөлшек сауда көлеміндегі облыстардың үлесі, %



### 3. Глоссарий

**Бөлшек сауда** – сатып алушыға жеке, отбасылық, үй ішінде немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалануға арналған тауарларды сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

**Көтерме сауда** – жеке, отбасылық, үй ішінде және осындай өзге де пайдаланумен байланысты емес, кейіннен сатуға немесе өзге мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

**Нақты көлем индексі** – базистік көрсеткішпен салыстырғанда ағымдағы кезеңде тауар массасын сату көлемінің (тауар айналымының сандық факторы) өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Тауарлық-материалдық қорлар – белгілі бір күнге сауда кәсіпорындарында, қоймаларда, жолда болатын ақшалай немесе заттай түрдегі тауарлардың саны.

#### **4. Әдіснамалық түсіндірмелер**

Тауарлар мен қызметтерді сату көлемі сатылған тауарлар, өнімдер және көрсетілген қызметтер үшін қолма-қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін алынған ақшалай түсім сомасын сипаттайды.

Айналымның нақты көлемінің индексі бағаның өзгеруінің әсерін қоспағанда, оның тек физикалық көлемінің өзгеруі нәтижесінде айналымның қалай өзгеретінін көрсетеді.

Тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) өткізудің нақты көлемінің индексін есептеу үшін есепті және базистік кезеңдердің айналымдары, базистік кезең ретінде қабылданған бір кезеңнің бағасымен (тұрақты бағамен) салыстырылады.

#### **5. Басылымдарға қатысты сілтемелер**

**[2023 жылғы қаңтар-ақпандағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемі](#)**

#### **6. Пайдалы сілтемелер**

**[«Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме»](#)**

**[«Тұтыну бағасының индексін құру әдіснамасы»](#)**

**[«Тауарлар мен қызметтерді өткізу көлемі туралы, сапа бойынша есеп, 2022ж.»](#)**

**[«Ішкі сауда статистикасы, ақпараттық «Талдау» жүйесі](#)**

**Келесі шығарылым күні:**

**12.04.2023**

<b>Шығаруға жауапты:</b> Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті	<b>Департамент Директоры:</b> Г. Қарауылова Тел. +7 7172 749060	<b>Орындаушы:</b> А.Нысанбай Тел. +7 7172 749336	<b>Мекен-жайы:</b> 010000, Астана қ. Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	---